

АБАЙ ӘНДЕРІ-БІЗБЕН БІРГЕ

Жанбосынова Т.Ж.

ҚМП, Тарих және өнер факультеті

Музыкалық білім, 1-курс

Ғылыми жетекшісі аға оқытушы: Дүбірбаева Б.Т

Абай Құнанбайұлы (1845-1904ж)- сөз,ой және рух алыптарының бірі, оның туындылақазақ халқының рухани байлығы мен мақтанышы ретінде қабылданып, бүкіл адамзаттың мәдени құндылықтарының қазынасында мәңгілікке ие болды.

Оның шығармашылық жұмысы көп қырлы ақын,ойшыл, ағартушы, рухани ұстаз және композитор.Оның әндері осы күнге дейін халықтың санасын оятып, қазақтардырухани жетілуге жетелейді.

Абайдың көркемдік шығармашылығы да жан-жақтылығымен ерекшеленеді.Көптеген зерттеушілердің пікірінше,Абайдың ән шығаруы бір тұтас шығармашылық процесс болған дейді, мысалы,өлең әуенмен бір кезде шығарылатын, яғни ақындығы мен сазгерлігі бір- бірімен әсер етіп,бір-бірін туғызаттын. Бұның себебі, Абайдың тек өз әндерін халыққа таныту мақсатынан емес, сонымен қатар оның ішкі қажеттілігінен, оның музыкалық дарындылығынан шығатын.

Абайдың ән шығармашылығы қазақтың көне халық музыкасының дәстүрімен тығыз байланысымен қатар, ерекшелігімен де сипатталады.Абай өз заманында музыкалық ортаны, өзгеше бір музыкалық мектептің қалыптасуына әр болыстардан келген дарынды жастар болған.

Абай олардың рухани жетекшісі,ұстазы ретінде,халық музыка өнерінің құпияларын ашуға жетелейтін. Сөйтіп кейін домбырашы, қобызшы, сырнайшы, скприпкашылардан тұратын өзгеше ансамбльдер құрастырып, олар әндері жеке емес, дуэттен, хормен қосылып орындайтын болды. Бұл құбылыс сол кездегі орындаушылық өнерінде бір жаңалық болған.

Абай әндерінің халыққа кең таралуы кезінде өзінің балалары мен туған –туыстары да салысады әсіресе Мағауиа әкесінің әндерін орындауда дарынды әншілердің бірі болып, сол кездегі музыка мәдениетіне қомақты үлес қосқан композитордың әндерінің барлығын дерлік жатқа білетін Жапар,Уахит,Жұртыбайқызы Ажар т.б. болатын.

Абай әндерінің осы кезге дейін уақыт талабынан қалмай келуінің бір себебі,Оның әндері әсемдікті мадақтайды, жоғары сезімді оятады, адамды қанағаттандырады, оның күнделікті өмірден жоғары көтереді.Шығармаларында поэзия мен музыка бір деңгейде, сөз бен музыкалық пікірлер тепе – тең болып,бір-біріне қабысып, жымдасып жатады.

Сөз бен әуеннің өз-ара қарым-қатынасының дәрежесі сөз сөйлеу интонациясымен бегіленеді.Ол кейіпкердің белгілі көңіл күйін,эмоциясың қалпын, мінезін білдіреді.Яғни, композитордың әндерінде минорлық, жай-орташа,ұстамды,баяу екпін басым болып келеді.

Абай өз поэзиясын жоғары дәрежеде музыка тілінде қалай жеткізу керектігін сезініп түсіне білген. XIX ғасырдағы басқа ақын-композиторлардың ән-күйлеріне қарағанда Абай поэтикалық мәтіндерін өзі қозғауға түсіріп, жазып қалдырған. Сондықтан оның әндері орындаушыдан-орындаушыға,ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқанда сөздері өзгермей, әуендері ғана өзгертін. Осының салдарынан Айбайдың кең танымал әндерінің бірнеше әуендік нұсқалары бар.Мысалы, „Айтым сәлем Қаламқас“-3 нұсқасы,“Амал жокқайттым білдірмей“-3 нұсқасы „Сегіз аяқ“-10 нұсқасы т.б.

Қазақстан композиторлары Абай мұрасының рухани құндылығын жоғары бағалап, шығармашылығының сарқылмас бұлаққа айналдырды.

Абайдың поэзиясына терең бойлап, одан үйреніп, үлгі рухани нәр алған авторлардың бірі –Сыдық Мұхамаеджанов.Композитордың Абай поэзиясына жазылған „Қақтаған ақ күмістей кең мандайлы“,“Ғашықтың тілі-тілсіз тіл“,“Өзгеге көңілім тоярсың“,“Жақ етпес қара көңілім не қылсада“ тәрізді ән-романстары болды.Бұл күнде Сыдықтың осы ән

романстары мерекелік сахналарда, өнерпаздар жиындарында жиі орындалып, халық музыкасына айналды.

Сол сияқты Абай поэзиясына күрделі вокалды циклды шығармалар жазылды. Композиторлар одағының соңғы VII съезінде орындаған Еркеғали Рахмадиевтің монолог-романстар циклы 1988ж –Абайдың жеті өлеңінің бірлестігінен туған құнды, терең ойлы, эмоциялық әсері зор туындылар. Олар, “Жақсылығың күнде ұмыт”, “Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да”, “Көңіл құсы күйкылжыр шартарапқа”, «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», “Сіз-қырғауыл, жез қанат”, “Жаз” шығармалары.

Абай әндері Қазақстан композиторларының опера мен симфонияларында, хорлар мен кантаталарында, вокалды аспаптарға арналған шығармаларында өзінің жаңа өмірін тапты. Көптеген музыкалық шығармалардың арасында Е.Брусиловскийдің “Жалғыз қайын” атты симфониялық поэмасын атап өтуге болады.

Романтикалық көтеріңкі күйге толы “На зов Абая” атты Еркеғали Рахмадиевтің фортепианолық поэмасын жұртшылық сүйіспеншілікпен тыңдайды. Мұнда бейненің көрсеткіші ретінде “Айтым сәлем, Қаламқас” әні алынған.

Жаңа дәуір белсенде Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамиды Абайдың 100 жылдығына орай жазған “Абай” операсы қазақ музыка мәдениетінің шын мәніндегі шыңы болып табылады. Бұл опера Абай әндері кеңінен пайдаланылған.

Ақын композитордың “*Сегіз аяқ*”, “*Көзімнің қарасы*”, “*Желсіз түнде жарық ай*”, “*Қараңғы түнде тау қалғып*”, “*Татьянаның хаты*”, “*Сұрғылт тұман*” т.б. сияқты әндері философиялық ой биігіндегі көркем туынды ғана емес, драмалық мазмұнға толы ән-романс жанрының үздік үлгілері болып табылады.

Абай музыка өнерінде жалғыз болмаған. Оның айналасында ән-күйдің, өлең-жырдың қадірін білетін өнерпаз топ болған. Абайдың Петербургта оқыған баласы Әдірахман мен ағайындас інісі Мұқа скрипкада ойнаса, Ақылбай, Әлмағамбет, Әйгерімдер әннің майын тамызған. Бұл топ Абайдың ән творчествосының жан ашыр сыншысы да, орындаушысы да, насихатшысы да, болған. Сондықтан Абай ән шығаруға өзгеше жауапкершілікпен қараған. Біздің заманға Абайдың 40-қа тарта әні жетті. Бұлар ұлыттық музыка мәдениетімізге қосылған асыл қазына болумен бірге, профессионалдық қазақ музыкасына едәуір әсер етті. А.Жұбанов пен Л.Хамиди Абай әндерін операға пайдаланса, Е.Брусиловскийдің Жалғыз қайын, А.Жұбановтың Абай аттаы сифониялық поэмалары, С.Шабельскийдің фортепьянолық квинтеті Абай әндерінің негізінде туды. Абай өлеңдеріне М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Н.Тілендиев, Н.Меңдіғалиев, Ә.Еспаев, М.Қойшыбаев т.б. композиторлар өздерінің ән-романстарын жазды.

Абай қазақтың ән-күй творчествасын ерекше бағалаған. Бірақ ән атаулының бәрін қабылдамай, оның да естісі мен есері барын айтып, Құлақтан кіріп бойды алар, Жақсы ән мен тәтті күйді ғана ұнатқан. Бүкіл шығыстың, орыстың, қазақтың халықтық әдебиетін терең зерттегеніндей, Абай қазақтың халық ән-күйлерін жете білген. Ол – Сөз түзеледі. Тыңдаушы, сен де түзел- деп өзінің терең тебіреністі ойын сыршыл әндерімен де жеткізген дарынды халық композиторы. Абайдың ән творчествасы қазақтың халық музыкасының тарихында ерекше орын алады.

Қазақтың реалистік әдебиетін өркендеткен классик Абайдың ерекше болмысы мен табиғи дарыны, зор мәдениеті оның композиторлық қызметінен анық аңғарылады. Оның әндері әріден келе жатқан халық әндерін де, өзінен шамалы бұрынғы сахара композиторларының әндерін де қайталамайды. Бұл “ Оның музыкалық туындылары ғасырлық халық әндерінен немесе халық композиторларының шырқау шығармаларынан асып түсті шығармаларынан асып тусті ” деген тұжырым емес. Біз Абай әндерінің дербес тұғасын, өзіндік сапасын айтамыз. Абайдың өлеңдері оған дейінгі ақындарға қаншалықты ұқсамаса, оның әндері де оған дейінгі әндерден соншалықты бөлек. Тек поэзияда Абаймен бәсекелесетін автор жоқ та, музыкада бар.

Өз халқының музыкалық байлығын жетік меңгерген Абай сол байлықты құнарлы мағынамен, тың түрмен ұлғайтуды көздейді. Ойшыл санаткер, арманшыл ақын әсершіл,

кейде толғауы тоқсан қызыл тілге бара-бар көіл сазын, мұнлы өмірдің қуанышын әнмен іздейді.

Абай дәуірінде ән-күй өте-мөте қадірлі, қастерлі болды. Хормен ән шырқау шықты. Ат артып, тон тоздырып дегендей өнерлі елден ән-күй үйреніп қайтушылар көбейді. Осындай ынталы, ықыласты топтың ішінде өмір сүрген Абайдың композиторлыққа дендеуі заңды еді. Абай әндерінің әуенін тек қана негізгі сөзімен орындау керек. Себебі Абайдың әні мен сөзі қай жағынан да бір-бірімен тығыз байланысты.

Абай әндері Қазақстанның әр тарапында, әр түрлі орындаушылардың орындауында айтылып жүр. Мектептердегі, жоғарғы оқу орындарындағы жеке одан да үлкен сахналарда Абай әндері жиі шырқалады. Тіпті бетке ұстар әншілерімізде Абай әндерін шетел сахналарында әуелетіп, құлақ құрышын қандыра орындап жүр. Қазақстан Республикасы бойынша, аудандық облыстық республикалық деңгейде Абай әндерінен байқаулар өтіп тұрады.

Пайдаланған әдебиеттер.

1. Бисенова. Г. „Песенное творчество Абая“ - Алматы, Дайн Пресс, 1995
2. Ерзакович. Б. „Айтым сәлем қаламқас „ - Алма –Ата, Өнер 1986
3. Әуезов. М. „Абай Құнанбаев „ //История каз. муз. -Т2 Алма- Ата, Гос. издат 1979
4. Ахметова М. „Ән өнері және уақыт“ - Алматы, Өнер, 1993

ОҚУШЫЛАРҒА ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

*Жармаганбетова Д. Ғ.
Ы. Алтынсарин ат. Арқалық
мемлекеттік педагогикалық институты
«Музыкалық білім» мамандығының
4 курс студенті
Жұмабаева Г. Д. оқытушы
«Музыка және бейнелеу өнері» кафедрасы*

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында мектепте білім берудің мақсаты - жеке тұлғаның сапалы терең білім алуға деген мүдделерін қанағаттандыру, әрбір адамға оқытудың мазмұнын таңдауға кеңінен мүмкіндік беру деп көрсетілген [1]. Эстетикалық тәрбие беру мүмкіндіктері адамның эстетикалық көзқарас, сезім, таным, қабылдау, баға беру, белсенділік қасиеттерінің жиынтығын құрайды. Эстетикалық тәрбие дегеніміз - балалардың бойында өз өмірін сұлулық заңдарына сай құра алу қажеттіліктері мен дағдыларын қалыптастыру және еңбекте, қоғамдық іс-әрекетте адамдармен қатынас жасауда сұлулық идеалдарын негіздеу. Эстетикалық тәрбиенің мақсататы – балалардың шығармашылық қабілеттерін, әлемді сұлулық заңдары арқылы тануға қызығушылықтары мен талпыныстарын дамыту болып табылады. Эстетика бұл (грек. aisthetikos – сезіну, сезімдік) – адамның дүниені эстетикалық тұрғыдан ұғынып-түсіну заңдылықтары туралы, әсемдік заңдарын арқау еткен шығармашылықтың мәнісі мен формалары туралы ғылым. Эстетика ғылым ретінде осыдан 5 мың жыл бұрын Мысырда, Вавилонда, Үндістанда және Қытайда дүниеге келіп, Ежелгі Грекия мен Римде кеңінен дамыған. "Эстетика" ұғымын ғылыми қолданысқа XVIII ғасырдың орта шенінде неміс философы Александр Баумгартен енгізді. Ол эстетиканы грек тіліндегі "айстетикос" сөзінен құрастырып шықты. Этимологиялық тұрғыдан алғанда "айстетикос" — сезім, сезіммен қабылданатын деген мағынаға ие. Этимологиялық түбір әлі күнге дейін "анестезия" сөзінде кездеседі. А.Баумгартен сезім арқылы қабылдауға мүмкін кемелділікті әсемдік деп білген, әсемдіктің бірден-бір көрініс табатын саласы өнер деп қарастырған.